

**Атырау облысы білім беру басқармасы  
Атырау қалалық білім бөлімі  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы**



**Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында вариативтік бөлімді  
ұйымдастыру бойынша «Шаңырақ» бағдарламасы  
Іске асыру кезеңі – 1 жыл**

**Әзірлегендер:**

Утебалиева Алтыnguль Шариповна - «Андерсен» жекеменшік балабақшасы  
директоры;

Садырова Шынар Файзоллақызы –№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы  
әдіскері

## Түсіндірме жазба

Мектепке дейінгі жаста тұлғаның қоршаған ортаны тұтастай қабылдауы мен айналасындағы адамдарға тікелей эмоционалды қарым-қатынасы қалыптасады.

Дәл осы кезеңде адамгершілік пен патриоттық тәрбиенің негізі болып табылатын еңбекқорлық, мейірімділік және т.б. дағдыларды игереді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (ҚР БҒМ 2020 жылғы 05 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістерімен және толықтыруларымен) мектеп жасына дейінгі балалардың бойында өзінің туған жері туралы туралы түсініктерін кеңейту, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеу қарастырылған.

Сондай-ақ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістерімен және толықтыруларымен) балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір жас топтарында халық ауыз әдебиеті шығармаларын қолдану арқылы Отанға, туған өлкесіне, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу көзделген.

Дегенмен бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оның өзектілігінің мәні мынада бүгінгі күні балалар өзінің туған қаласы, елі мен оның салт-дәстүрлерінің ерекшеліктері туралы көп біле бермейді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиелеу – бұл оның туған үйіне, отбасына, балабақшасына, қаласына, туып өскен табиғатына, өзінің халқының, ұлтының мәдени мұрасына, басқа ұлт өкілдеріне толеранттылық қарым-қатынаспен бірге еңбек адамы мен оның еңбек нәтижелеріне, туған өлкеге, Отан қорғаушыларға, мемлекеттік рәміздерге, мемлекеттің дәстүрлері мен жалпы халықтық мерекелерге құрметпен қарау болып табылады. Баланың туған жері мен туған өлкесіне Отанына деген құрметі өзінің отбасына деген сүйіспеншіліктен бастау алады.

**«Шаңырақ» бағдарламасының мақсаты** балаларды туған өлкесімен оның тарихымен таныстыру арқылы туған жері туралы түсініктерін кеңейту, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру.

### **Міндеттері:**

- балаларға өзін қоршаған ортадағы табиғатты, тарихи орындар мен мәдени мұраларды, өңірге белгілі тарихи тұлғаларды таныстыру арқылы туған өлкесіне деген мақтаныш сезімін ояту;
- туған өлкенің салт-дәстүрлерін дәріптеу, оның көрікті жерлеріне деген балалардың қызығушылықтарын арттыру;
- балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту;
- мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналардың ықпалдастығын жандандыру.

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың бойында адамгершілік – отансүйгіштік, жанашырлық, еңбекқорлық, туған өлке мен оның танымал тұлғаларына құрмет сияқты құнды қасиеттерді қалыптастырып, дамытуға

бағытталған. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен мектепалды даярлық сынып педагогтеріне арналған.

### **Күтілетін нәтижелер**

#### ***балалар үшін:***

- Атырау қаласы мен Атырау облысының өткені мен ертеңін білуіне құштарлығы артады;
- туған өлкенің көркем жерлері мәдени, архитектуралық ,тарихи ескерткіштер, мәдени спорттық ошақтары, мекеме, кәсіпорындар және олардың қала тұрғындарына маңыздылығы туралы түсінікке ие болады;
- әр түрлі дереккөзден мәлімет алуды біледі;
- қала тұрғындарының салт-дәстүрлері, еңбегі және тұрмысын біледі;
- Атырау өңірінің танымал тұлғаларын біледі, оларды мақтан тұтады;
- туған өлкенің жануарлары мен өсімдіктеріне қамқорлық танытады;
- өзінің отбасының, қаласы мен аймағының игілігіне қоғамдық пайдалы әрекет жасай алады.

#### ***ата-аналар үшін***

- балаларды туған қаласы, аймағымен таныстыруда ата-аналардың құштарлығы артады;
- балаларды туған қаласы, аймағымен таныстыруда ата-аналардың белсенділігі артады;
- ата-аналардың білім беру ұйымымен және педагогтермен ықпалдастығы орнайды.

#### ***педагогтер үшін***

- балаларды туған өлкесімен, қаласымен таныстыруда олардың құзыреттіліктері артады;
- баланың танымдық-зерттеу әрекетіне жағдай жасайды;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналармен ықпалдастық артады.

Қазақстанның кез-келген өңірінің ауыл-аймағы, атақты адамдарының өзі қайталанбас шежіре. Бағдарлама баланың туған жері несімен әйгілі және қандай тарихи құндылықтары бар екендігін балаға көрсете отырып, таныстыруды қарастырады. Мектепалды топтарында көшесін танудан басталатын жұмыс әрі қарай ауыл, аудан, қала, өңірі туралы білімін кеңейте отырып, қалаға көрік беріп тұрған ескерткіштер, көшелерінің атауы кімнің құрметіне берілгенін үйретуді көздейді.

Балаларға сауда орындары, дәріхана, пошта, мектеп, кинотеатр, заводтармен таныстыруда аталған жерлерге мақсатты серуендер ұйымдастырып, ата-аналарды көмекке тарта отырып, баланы тәрбиелеуде балабақша мен ата-аналардың ықпалдастығы қалыптасады. Бағдарламаны игеру нәтижесінде балалардың айналасындағы қоршаған ортаның әсемдігін көріп туған өлке тарихы мен табиғаты туралы білуге құштарлығы артады.

Адамзаттың парызы – туған жерін гүлдендіріп, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Ұлы ағартушы, халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан өссін» деген екен. Біз алдымыздағы әрбір балаға Еліміздің ертеңі, Отанымыздың нұрлы болашағы деп қарауымыз керек. Балалық шақтан

бастап баланы Отансүйгіштік қасиетке тәрбелейтін болсақ, өз Отанын сүйетін нағыз азамат тәрбиелейтін боламыз.

## Бағдарламаның негізгі бөлімдері

### • I бөлім .

- Атырау қаласының тарихы.
- Ескі Гурьев қаласымен таныстыру
- Атырау қаласын қорғаған батырлары
- Атырау тарихы-өлкетану мұражайына саяхат

### II бөлім.

- Туған жердің табиғаты.
- Атырау өлкесін мекендейтін жабайы жануарлары мен құстары.
- Жайық өзені және өзенді мекендейтін балықтар.
- Атырау өңіріндегі өсімдіктер әлемі.

### III бөлім.

- Атырау өңірінің атақты адамдары.
- Осы өңірдің Отанын қорғаған Ұлы Отан соғысының ардагері.
- Туған өлкеміздің ақын-жазушылары.
- Туған өлкені көркейтуге атсалысқан еңбек ардагерлері.

### IV бөлім.

- Бүгінгі қала.
- Атырау өңірінің бүгінгі экономикалық жағдайы.
- Қаладағы тарихи құрылыс нысандары және ескерткіштерге саяхат.
- Қаланың мәдени өмірі. Театрларға саяхат.

## **Бағдарламаның бөлімдері бойынша мазмұны**

### **I-бөлім**

Балаларды Атырау қаласының тарихымен, табиғатымен таныстыру арқылы туған жеріне, қаласына қамқорлық танытуға баулу. Атырау қаласының таңбасын, қаланың бұрынғы атауымен және осы өңірден шыққан қазақ халқына белгілі Исатай батыр мен Махамбет батыр ескерткіштерімен, өмірлерімен таныстыру арқылы балаларды ерлікті құрметтеп, турашыл болуға, шындықты жақтайтын шынайы болуға, ел қорғайтын батыр болуға тәрбиелеу.

### **II-бөлім**

Туған өлке табиғатымен, ауа-райы ерекшеліктерімен, оны мекендейтін жабайы жануарларымен және құстарымен таныстыру. Жайық өзені және өзенді мекендейтін балықтармен, балық өнеркәсібімен айналысатын балықшылар кәсібімен таныстыру. Балық өнімдері және оның адам ағзасы үшін маңыздылығын таныстыру. Еңбек адамына құрмет көрсетуге, табиғаттың байлығына қамқорлық танытуға баулу, мейірімділікке тәрбиелеу. Атырау өңіріндегі өсімдіктер әлемімен таныстыра отырып, өсімдіктерді аялауға оларға күтім жасауға баулу. Дәрілік шөптері туралы түсінік қалыптастыру. Қаланың көрікті жерлері Иманғали мешітіне, Өлкетану мұражайына саяхат ұйымдастырып, туған өлкеміздің қазба байлықтары және халыққа қызмет көрсететін өнеркәсіп орындары туралы, ол жерде еңбек ететін еңбеккерлермен кездесу ұйымдастыра отырып, топта қалдық заттардан шағын мұражай жасақтау.

### **III-бөлім**




Атырау өңірінің атақты адамдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Күй атасы – Құрманғазы, Дина Нұрпейсова, ақындар Фариза Оңғарсынова, Жүмекен Нәжмеденовпен өнер жолында жүрген киноактер – Н.Жантөрин, биші – Г.Тайпақова, күйші – Б.Карабалина, Қ.Ахмедияров, Ә.Есқалиев, әнші Ғ.Есімовпен таныстырып, олардың туған жері, еліміз үшін сіңірген еңбектерін бағалап, қадірлеуге тәрбиелеу.

Атыраудағы бүгінгі өзгерістер мен қаланың гүлденуіне ата - аналарының қосып жүрген үлесін әңгімелей білуге үйрету. Жеті хан жерленген тарихи ескі қала Сарайшық туралы, Ұлы Отан соғысы кезінде Атыраулықтардың ерлігі туралы бейнефильм арқылы көрсетіп, жыл соңында балалардың ойларын қорытындылау.

### **IV-бөлім**




Атырау қаласында жаңадан бой көтеріп келе жатқан ғимараттар туралы түсіндіру. Сәулет өнеріне тоқталу. «Сәулетші», «құрылысшы» мамандақтарының халыққа маңызын ұғындыру. Атырау қаласындағы драма театрларына саяхат ұйымдастыра отырып, балаларды қаланың мәдени өмірімен таныстыру. Баланы қоршаған орта әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Атырау қаласы туралы білімдерін тереңдету. Туған қаланы көркейтуге үлесін қосуға, тазалықты сақтауға тәрбиелеу

**«ШАҢЫРАҚ» бағдарламасы бойынша перспективалық жоспар**

Тақырыбы	Міндеттер	Өткізілу әдісі	Алдын- ала жүргізілетін жұмыстар	Сағат саны
<p><b>Қыркүйек айы</b> Мен тұратын көше.</p> 	<p>Көше қалай аталады, ол неліктен солай аталған? Көшеде тазалық сақтауға үлес қосу. Көшеде үлкенді сыйлауға, көршілерді құрметтеуге баулу.</p>	<p>- Кіріспе әңгіме : - көше деген не? (салған суретін қорғау) - «Ардақтым - атамекенім» Нұралі Әжіғалиев өлеңімен таныстыру</p>	<p>«Мен тұратын көше » тақырыбында ата-анамен бірлесіп сурет салу . Қала көшелеріне саяхат</p>	1
<p>Атырау –біздің туған өлке</p> 	<p>Отан , туған өлке, туған жер деген ұғымдарға түсінік беру. Туған қаланың қандай ерекшелігі бар және таңба не үшін қажет екенін түсіндіру. Таңбамызды суреттен ажыратып, қастерлеп жүруге тәрбиелеу.</p>	<p>-кіріспе әңгіме -«Атырау таңбасымен танысу» слайд - «Туған ел» өлеңі Ф.Оңғарсынова -Туған жер туралы мақал-мәтел: туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас. -туған жер алтын бесік.</p>	<p>Атырау туралы суреттер жинақтау. «Атырау» Х.Ғұбайдоллаұлы өлеңін жаттау.</p>	1
<p>Табиғат пен адам-егіз. (туған өңір табиғаты )</p> 	<p>Туған жер туралы пікірлерін айтқызу. Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін туған жер табиғатын танып, оларға қамқорлық көрсету арқылы балалар бойында отансүйгіштік қасиеттерін ояту. Жыл мезгіліне байланысты ауа-райы ерекшеліктеіне тоқталу. Туған өлкенің өсімдіктері мен жануарлары туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>-Құрманғазының күйі -Атырау өңірінің картасы -Кіріспе әңгіме: «Туған өлке табиғаты» -Сөздік жұмыс : Туған өлке, Туған ел, Өз жерім,туған елдің ауасы мен ағашы -Дидактикалық ойын: «Нені білдім, нені білгім келеді?» (сұрақ-жауап</p>	<p>Ф.Оңғарсынова: Далам менің-қазынам жыр сандығым өлеңі. Өсімдіктерден гербарий, Жануарлар суреттерінен фото альбом жасау</p>	1
<p><b>Қазан айы</b> Балықтар-байлығымыз</p>	<p>Жайық өзені туралы , өзен табиғаты және балықтар әлемі туралы түсініктерін кеңейту. Балықтардың атауларын дұрыс</p>	<p>Жұмбақ: 1.Ауызы бар ,тілі жоқ ауаға шықса ауырады терісі бар ,жүні жоқ Су ішінде сауығады.</p>	<p>«Шаңқылдайды шағала » М.Неталиев. Жайық өзені туралы әңгімелесу.</p>	1

	<p>атауға үйрету. Балық өнімдері және оның адам үшін маңыздылығын, көрнекіліктер арқылы сөйлеу, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балаларды балықтарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке тәрбиелеу.</p>	<p>2. Тірегі бар ,ізі жоқ Қанаты бар ұшпайды Су астында қыстайды. 1-слайд:Жайық өзені бойындағы балық түрлері 2.суреттермен жұмыс 3.балалар жұмысы: қатты картоннан балықты қию 4.балық өнімдерінің пайдасы</p>	<p>Балықтар суреттерінен альбом жасау. Ф.Оңғарсынова «Балық», «Балықшы-балық» өлеңдері</p>	
<p>Балықшылар еңбегі</p> 	<p>Балық туралы түсініктерін пысықтау ау және балықшылар еңбектерімен таныстыру. Балық аулаудың қыры мен сырын балықшы аталарынан білу арқылы үлкендер еңбегін бағалап, оларды құрметтеуге тәрбиелеу</p>	<p>-Балық түрлерін қайталау -«Балықшы» М.Ершуова -балықты қалай аулайды? (бейне баян) -балықшы аталармен танысу - балалардың сұрақтары - «Балықшы» ребусын шешу</p>	<p>Жайықты мекендейтін балық түрлерін қайталау, «Балықтар» фото альбомын жасау</p>	<p>1</p>
<p>Дәрілік шөптер</p> 	<p>Балаларды Атырауда өсетін дәрілік шөптер: бақбақ, қалақай, жолжелкен туралы халық арасындағы аңыз әңгімелермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктердің адам денсаулығына пайдасы туралы түсінік беру</p>	<p>-Атыраудың өсімдіктері мен жануарлары туралы слайд -Әңгімені оқу -Әңгіме желісі бойынша сұрақ-жауап -д/о: жапырақтардан өсімдік құрастыр</p>	<p>Дәрілік өсімдіктерден гербарий жасау</p>	<p>1</p>
<p>Жануарлар әлемі</p> 	<p>Атырау өңірін мекендейтін үй жануарлары мен жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Жануарларды сыртқы ерекшеліктеріне қарай салыстыру. Сөздік қорларын молайту және есте сақтау қабілетін дамыту. Туған жерді мекендейтін жануарларға деген қамқорлыққа</p>	<p>-суретке қарап жұмбақ шешу - жануарлар туралы кіріспе әңгіме -олардың тіршілік ортасы Дидактикалық ойын: «Үйшігін дұрыс көрсет» Жабайы және үй жануарларының үйшігін тауып қосу</p>	<p>Табиғат және жануарлар жайлы альбомдар қарап , тақпақтар жаттау</p>	<p>1</p>



	тәрбиелеу.			
<b>Қараша айы</b> «Не, қайда, қашан?» зияткерлік ойыны	Балалардың туған жер туралы өтілген тақырып бойынша меңгерген білімдерін бақылау.	«Не, қайда, қашан?» ойынының тапсырмалары: -Атырау туралы тақпақтар, -Туған жер туралы мақал- мәтелдер, - Жайық өзенін мекендейтін балықтар, -Атырау қаласының көрікті жерлері - өсімдіктері мен жануарлары.	Атыраудың таңбасы , қаланың көрікті жерлері және өсімдіктері мен жануарлары туралы бейнебаян көрсету.	1
Туған қалам тарихы. 	Қаланың бұрынғы атауларына тоқталып, «Үйшік», «Гурьев» атауларының мәнін түсіндіру. Алғашқы пайда болған үйлердің, көшелердің орналасу реттері мен қала көшелерінің көркі мен тазалығына мән беру. Балаларды туған қаласын құрметтеуге тәрбиелеу.	-«ескі қала көріністері» слайд - «Үйшік» өлеңі -«Атыраудың өткені мен қазірі» қаланың қазіргі ғимараттарын ескі қала ғимаратымен салыстыру д\о: «Бұл қаланың қай жері»	«Үйшік», «Гурьев» қаласының суреттерін жинақтап, альбом жасау, «Үйшік» өлеңін оқып, түсіндіру.	1
Көне қала - Сарайшық 	Атырау өңірінде ертеден сақталып келген қала туралы түсіндіру. «Сарайшық» қаласының орналасқан жерін және қаланы бүгінгі күнге дейін жеткізген адамдар еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.	-«Сарайшық» туралы слайд - Ф.Оңғарсынова «Археолог» өлеңімен танысу. Археологтар туралы түсінік беру	«Сарайшық» туралы слайд Жасау. «Сарайшық» қаласының көріністерінен фото альбом қарау	1
Мұражай деген не? 	Мұражайға саяхат ұйымдастыру арқылы «мұражай» ұғымын түсіндіру. Көргенін есінде сақтап , әңгімелеп беруге тәрбиелеу. Мұражай қызметкерлерінің еңбегімен танысып, оларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.	- Мұражайға саяхат ұйымдастыру. -Кіріспе әңгіме. -мұражайдан алған эсер (әңгімелесу) -балалардың шығармашылық жұмысы	Балабақша, мектеп ғимаратындағы шағын мұражайға саяхат ұйымдастыру	1



<p><b>Желтоқсан айы</b>  <b>Ұрпағымын</b>  <b>батырдың</b></p> 	<p>Атырау өңірінің батырлары Исатай мен Махамбетпен таныстыру. Батырлардың ерліктері мен жазған өлеңдері арқылы бала бойына «батырлық», «батылдық» қасиеттерді сіңіру. Үлкенді құрметтеп, кішіге қамқорлық көсетуге баулу.</p>	<p>-Кіріспе әңгіме «Исатай мен Махамбет» батыр. Ф.Оңғарсынова «Батырлардың ұрпағымын» өлеңі -Отан,Туған жер,батырлық туралы мақал-мәтел сайысы</p>	<p>Ф.Оңғарсынова «Батырлардың ұрпағымын» өлеңін жаттау</p>	<p>1</p>
<p><b>Қалаға көрік берген</b>  <b>ескерткіштер</b></p> 	<p>Қаланың көшелерінде орнатылған ескерткіштермен таныстыру, оны қалай және неден жасағанына тоқталу. «Мүсінші» мамандығының сыры неде? Ол кімдерді және не үшін мүсіндегенін балаларға түсіндіру.</p>	<p>-«Мүсінші» туралы кіріспе әңгіме -Ескерткіш кімге орнатылады? -мүсінді неден жасайды? шығармашылық ізденіс: ермексазбен мүсіндеу</p>	<p>Қала көшелеріне мақсатты серуен жасау.</p>	<p>1</p>
<p>«Бұл қаланың қай жері ? »  (Атырау қаласы туралы слайд-шоу)</p> 	<p>Қала туралы балалардың саяхаттардан көріп-білгендерін нақтылау мақсатында қаланың көрікті жерлерінің фото суреттерінен сайыс ұйымдастыру. Атырау қаласы туралы білімдерін тереңдету. Туған қаланы көркейтуге үлесін қосуға, тазалықты сақтауға тәрбиелеу.</p>	<p>Слайд:  -қаладағы ескерткіштер  -Гурьев және Атырау көшелері мен театрлар  -«мақалдың жалғасын тап» ойыны</p>	<p>Туған жер,Отан туралы мақал-мәтел жаттап келу.</p>	<p>1</p>
<p><b>Ақын атам-</b>  <b>Жүмекен</b></p> 	<p>Балаларды «Менің Қазақстаным» әнінің авторы Жүмекен Нәжімеденов аталарымен таныстыру. Мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды Отансүйгіштікке, мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу</p>	<p>-Жүмекен туған киелі жер (Қошалақ туралы көрініс)  - Жүмекен атамен танысу:  -«Менің Қазақстаным-Жүмекен»</p>	<p>-«Менің Қазақстаным-Жүмекен» деректі фильмін көрсету.</p>	<p>1</p>
<p><b>Қаңтар айы</b>  <b>Атыраудың атақты</b></p>	<p>Атырау өңірінде дүниеге келген атақты</p>	<p>-«Атақты адамдар» деген кімдер?</p>	<p>ескерткішқойылған тұлғалар туралы</p>	<p>1</p>

<p>адамдары</p> 	<p>адамдармен таныстыру. Ақындар-жазушылар туралы, олардың жүрегі мен қаламынан туған туындылары мен халқына сіңірген еңбектері туралы әңгімелесу. Туған жер туралы ақын-жазушылардың ойларын өлең-жырларынан аңғару, балаларды туған жерді қастерлеуге тәрбиелеу</p>	<p>-Атыраудың ақын – жазушылары -Олардың қандай шығармалары бар? -Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»</p>	<p>әңгімелесу. Мыс: Дина күйші анамыз, Бейбарыс сұлтан, Махамбет пен Исатай батырлар Атырау өлкесінде туып өскен атақты адамдар суреттерін жинақтау</p>	
<p>Домбырадан күй төккен...</p> 	<p>Қазақстанға танымал Құрманғазы мен Дина күйшілерімен таныстыру. Олардың күйлерін тыңдау. Күй туралы түсінік бере отырып, ұлттық аспаптармен танысуды жалғастыру.</p>	<p>- Құрманғазы мен Дина (өмірбаян слайд) -Құрманғазының күйі: «Балбырауын» тыңдату -Динаның күйі: «Бұлбұл» -күйлердің тарихы мен мінезі -музыкалы викторина: «Бұл қай аспап?»</p>	<p>Музыка жетекшісімен кездесу. Домбырадан күй тыңдату</p>	<p>1</p>
<p>Театрларға саяхат</p> 	<p>Атырау қаласындағы драма театрларына саяхат ұйымдастыра отырып, балаларды қаланың мәдени өмірі мен таныстыру. Баланы айнала әсемдігін сезінумен қатар рухани тәрбиелеу.</p>	<p>-М.Өтемісұлы атындағы драма театры бишісі Эльмира анамызбен кездесу. - Театр туралы сұрақ-жауаптар - «Қонақ кәде» қонақпен бірге билеу.</p>	<p>М.Өтемісұлы атындағы драма театрына саяхат</p>	<p>1</p>
<p>Туған өлкенің дарынды перзенттері</p> 	<p>Атыраулық өнер жолында жүрген киноактер - Н.Жантөрин, биші-Г.Тайпақова, күйші-Б.Карабалина, Қ.Ахмедияров, Ә.Есқалиев, әнші Ғ.Есімов, композитор Б.Кохамановтармен таныстырып, олардың туған жері, еліміз үшін сіңірген еңбектерін бағалап, қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	<p>-кіріспе әңгіме - өнер адамдары деген кімдер? (слайд) -олардың аты қалай шықты? - «Понтомимо» ойыны (Қай саланың адамы екенін тап)</p>	<p>- «Атырау қалам» Сөзі:Маржан Ершуова Әні:Болат Қохаманов (әнін жаттату)</p>	<p>2</p>
<p>Ақпан айы Бейнелеу өнері</p>	<p>Ұлттық рухты көтеретін Атырау</p>	<p>-Бейнелеу орталығына саяхат</p>	<p>Сариев атындағы өнер мұражайына</p>	<p>1</p>

<p>шеберлері</p> 	<p>өңірінің зергерлік, қолөнерлік кәсіппен айналысқан шеберлерімен таныстыру, олардың еңбектерін құрметтеуге баулу.</p>	<p>-Атыраулық суретшілермен танысу. Ш.Сариевтің шығармалары. Бейнелеу өнерінің қыр-сырлары. Шығармашылық іс-әрекет</p>	<p>және «Ақжелкен» орталығына саяхат -өнер адамдарының қолынан туған туындылармен танысу</p>	
<p>«Азамат ерге сын болар»</p>	<p>Балаларды Б. Аманшин, Қ.Сәтпаев, Х.Досмухамедов өмірі мен еңбек жолдарымен таныстыру. Адал, адамгершілігі жоғары, білімді адам болуға тәрбиелеу. Қаламыздағы осы адамдар құрметіне берілген көше атауларын біліп жүру және осы аталарынан үлгі алуға тәрбиелеу</p>	<p>-атақты адамдар туралы кіріспе әңгіме (суреттері) -олардың еңбектері -Атаулары берілген көшелер -дидактикалық ойын: Өз көшенді таны</p>	<p>Қ.Сәтпаев көшесі бойына, Х.Досмухамедов атындағы АМУ , Аманшин көшелеріне саяхат ұйымдастыру.</p>	<p>1</p>
<p>«Атыраудың атақты адамдары» Викториналық кеш</p>  	<p>Атыраудың атақты адамдары туралы балалардың ойларын нақтылау және танысқан адамдары кімдер екенін танып, айта білуге үйрету. Ж.Нәжмеденов, Ф.Оңғарсынова, Ш.Сариев, Н.Жантөрин, Г.Тайпақова, Б.Карабалина, Қ.Ахмедияров, Ә.Есқалиев, Ғ.Есімов, Б.Кохаманов т.б</p>	<p>-Таныстыру (сайысатын топтар) -Бұл кімдер? (фотолар арқылы) - Бұл адамдардың аты несімен әйгілі? (ақын, суретші, күйші т.б) - «Егер де мен ....» Балалардың кімге ұқсағысы келетін ойларын жеткізу</p>	<p>Атыраудың атақты адамдары туралы альбомдар қарау: атыраудың суретшілері -ақын – жазушылары -өнер адамдары</p>	<p>1</p>
<p>Атыраудың қазба байлықтары</p> 	<p>Атыраудағы қазба байлық – газ, мұнай шығатын жерлер туралы түсініктерін кеңейту. Геолог еңбегіне қызығушылықтарын ояту</p>	<p>-кіріспе әңгіме -мұнай және мұнай өнімдерінен жасалған заттар -Э.Қайранов : «Геолог» өлеңімен танысу - «Геолог» деген кім? -«Мұнайдан не алынады?» блиц сұрақтар</p>	<p>Мұражайға саяхат</p>	<p>1</p>
<p>Наурыз айы Атыраудағы бүгінгі</p>	<p>Қаламызға саяхат ұйымдастырып,</p>	<p>-қалаға саяхат -таныс жерлер мен</p>	<p>Ата-анамен бірлескен</p>	<p>1</p>

<p>өзгерістер</p> 	<p>таныс ескерткіштер мен жаңадан бой көтеріп жатқан ғимараттарды фотоға түсіру, әңгімелесу. Көше бойына отырғызылып жатырған көшеттер мен өздері тұратын көшелері туралы балалардың өз ойларын еркін жеткізіп, туған қаласына, көшесіне деген құрметін арттыру.</p>	<p>ескерткіштерге фотоға түсу. -жаңа құрылыс нысандарына бару. - саяхаттан алған әсер: Көше немесе ғимараттың суретін салу.</p>	<p>Атыраудағы көрікті жерлердің сурет көрмесі.</p>	
<p>Нұр себеле Атырауға, Ұлыстың ұлы күні!</p>	<p>Дәстүрлі наурыз мерекесін қарсаңындағы қаламыздағы табиғат ерекшелігі және адамдар дайындығы туралы бақылау. Жергілікті салт-дәстүрді насихаттауда Наурыз мерекесін ата-аналармен бірге ұйымдастыру</p>	<p>-қонақтарды қарсылау -мерекедегі ауа-райы - «Ат қою» , «бесікке салу» дәстүрлері -балалардың мерекеге арнаған өлең , тақпақтары; ән мен би сайысы</p>	<p>Наурыз мерекесі туралы түсіндіру. Мерекелік фото альбомды тамашалау «Наурызға» дайындалатын ұлттық киім</p>	<p>1</p>
<p>Біздің мұражай</p> 	<p>Мұражайдағы әрбір Атырауға қатысты заттардың құндылығына тоқталып, ата-аналарымен жасаған жұмыстарын бағалап, оларды ұқыпты ұстап, сақтауға тәрбиелеу.</p>	<p>-мұражай деген не? -бұл қай ғимарат? (макеттердің жасалу жолы) -табиғаты, өсімдігі мен жануарлары, атақты адамдары туралы альбомдар қарау</p>	<p>Ата- аналармен бірлескен топтар арасындағы «Ең үздік өлкетану бұрышы» сайысы</p>	<p>1</p>
<p>Атыраудың қатынас жолдары</p> 	<p>Атырауға жолаушылар қатынасы әуежай мен темір жол бекеті арқылы жүзеге асатынын түсіндіру. Қатынас жолының бізге не үшін керек екенін ұғындырып, Атыраудағы көлік түрлерімен таныстыру.</p>	<p>-бейне жұмбақ (көліктердің сиқырлы әуені) -Ақтау мен Алматыға саяхатқа жиналу - екі топқа бөлінген балалар қалаларға қалай жетеді? -Атырауда қандай көлік түрлері бар?</p>	<p>әуежай мен темір жол бекетіне саяхат -Атыраудағы көлік түрлері</p> 	<p>1</p>
<p>Сәуір айы Табиғатты аялайық!</p>	<p>Қаламыздың , Жайық өзенінің табиғатына тоқтала отырып,</p>	<p>- «Атырау қалам» Сөзі:Маржан Ершуова Әні:Болат Қохранов</p>	<p>- Жайық өзеніне саяхат Олардың</p>	



	<p>Атыраудағы көктем мезгіліне байланысты қала тазалығына көріктендіруге үлес қосу. Табиғат аясында өзін мәдениетті ұстауға, қоршаған ортаға жанашырлық, аяушылық сезімдерін ояту.</p>	<p>-«Ақ Жайығым» өлеңімен танысу -Атыраудың табиғаты. - табиғат аясында өзін ұстау ережелері</p>	<p>айналасындағы табиғатты тамашалау</p>	<p>1</p>
<p>Құстар біздің досымыз</p> 	<p>Атырау өңірінде кездесетін құстар: аққу, үйрек, қаз, дуадақ, шағала, көкек, с жапалақ, шіл, кептер, торғай, сауысқан т.б құстарымен танысу. Қыстайтын және ұшып келетін жыл құстарының тіршілік ортасы, қамқорлап үй құсы мен дала құсын ажыратып білуге үйрету.</p>	<p>-кіріспе -Атырауды қыстаған құстар -жылы жаққа ұшып кеткен құстар -құстар суретін салу.</p>	<p>Құстар туралы альбом қарап, олардың тіршілігі туралы әңгімелесу.</p>	<p>1</p>
<p>Біз салауатты отбасымыз</p>	<p>Балаларды отбасын сүю және отбасы мүшелеріне деген сыйластығын арттыру туралы тәрбиелей отырып, туған жерге деген құрметтің тамыры отбасынан басталатынын ұғындыру. Отбасының салауатты өмір салтын ұстануы және Атыраулық спортшылармен таныстыру.</p>	<p>-Отбасы туралы әңгіме. -отбасы мүшелерінің отбасындағы орыны -спортпен қалай шұғылданамыз? -Атыраулық спортшылар-ды білесіз бе?</p>	<p>-спорт кешеніне саяхат - «Әке, шешем және мен –біз спортты жанұя» спорттық эстафеталық сайыс</p>	<p>1</p>
 <p>Отан оттан да ыстық !</p>	<p>Балаларды Ұлы Отан соғысы батырлары-жерлестеріміз Боран Нысанбаев пен Хиуаз Доспанова ерлігімен таныстыру. Балаларды табандылыққа үйретіп, балалар бойына туған елге деген Отансүйгіштік сезімдерін арттыру.</p>	<p>-Батырлар туралы әңгіме (мультимедия) -олардың ерліктері -«Отан, Туған жер» туралы мақал-мәтел сайысы</p>		
<p>Мамыр айы Біз Атырауда тату тәтті тұрамыз</p>	<p>Әр тату өмір сүріп жатқан ұлт өкілдерімен танысу,</p>	<p>Қонақтарды қарсылау -ұлт өкілдерінің киімдері</p>	<p>1 мамыр- достық күніне арналған ертеңгілік</p>	

	<p>олардың ұлттық киімдері мен салт-дәстүрлерін құрметтеу. Гимназияда топтағы балалардың ұлты: татар, орыс, кәріс арасындағы достық сезімді бағалау</p>	<p>-салт-дәстүрден көрініс -ұлттық өнері -ұлттық тағамдары</p>		1
<p>Жеңісті жақындатқан еңбек</p> 	<p>Балаларға Отанын қорғауға өз үлестерін қосқан әжелеріміз еңбектерімен таныстыру. Бала болса да үлкендермен бірдей жұмыс жасаған қазіргі еңбек ардагерлерінің ерен еңбегімен таныстырып, оларға құрмет көрсету.</p>	<p>-Соғыс кезіндегі тылдағы еңбек (деректі фильм) - Еңбек ардагерлері (әжелермен кездесу) -балалар сұрақтары - әжелерге құрмет Балалардың сазды сәлемдемесі</p>	<p>Жеңіс саябағына барып, ҰОСБ арналған Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою</p>	1
<p>Гүлдене бер, Атырауым!</p> 	<p>Балаларға Атырау қаласында жаңадан бой көтеріп келе жатқан ғимараттар туралы түсіндіру. Сәулет өнеріне тоқталу. «Сәулетші», «құрылысшы» мамандақтарының халыққа маңызын ұғындыру</p>	<p>-«Асқақтай бер, Атырауым!» Бақыткүл Бабаш -«Сәулетші», «құрылысшылар» кімдер? «Дүкенші» мазмұнды –рөлдік ойыны</p>	<p>Қала көшелеріне саяхат қаланың көрікті жерлерінен фото альбом , фильм қарау</p>	1
<p>Туған жер туралы не білдік? (ата-аналар және балалармен біріккен сайыс)</p>	<p>Туған өлке туралы түсініктерін тексеріп, баланың пікірін айтқызу. Балалардың Атырау туралы түниетанымдық қабілетін дамыта отырып, Отанға , туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру және өзінің борышын сезіну.</p>	<p>-«Туған ел», «Туған өлке» тақырыбында әңгімелеу (балалар шығармашыл.) -Біздің туған өлкеміз қандай? -біз нені үйрендік?</p>	<p>Айналайын , ақ мекен! Қандай адам іздеп сені тапты екен Туған өлке –тәтті екен ғой, тәтті екен М.Мақатаев</p>	1

**Ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс жүргізілетін тәрбие жұмыс жоспары**

Р/с	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты адамдар
1	Мен және менің қалам! Фотосурет көрмесін ұйымдастыру	қыркүйек	Тәрбиеші, сурет пән мұғалімі
2	“Бұл- қаланың қай жері” Дидактикалық ойын	қыркүйек	Тәрбиеші
3	Айбыны асқақтаған-Атырау ( Атырау туралы өлең шығару сайысы)	қазан	Тәрбиеші, , ата-аналар, саз жетекшісі.
4	Гимназияның ең үздік отбасы (отбасылар арасындағы интеллектуалдық сайыс)	қазан	Тәрбиеші , ата-аналар, саз жетекшісі.
5	Туған күніңмен, Атырау! (Балалар мен ата-аналар арасындағы сурет көрмесі)	қазан	Тәрбиеші, сурет пән мұғалімі, әдіскер
6	Атыраудың ақын-жазушылары кітаптар көрмесі	қазан	Тәрбиеші, ата-аналар
7	“Махамбет жырлары” (Балалар арасындағы мәнерлеп оқу)	қараша	Тәрбиеші, әдіскерлер, қазақ тілі мұғалімі
8	Жайық өзенін мекендейтін жәндіктер (альбом жасақтау)	қараша	Тәрбиеші, сурет пән мұғалімі, ата-аналар
9	Қаланың ескі атауы “Не?Қайда?Қашан?” ойыны	қараша	Тәрбиеші, саз жетекшісі
10	Динаның ізбасарлары (Домбыра үйірмесіне қатысатын балалардың шығармашылық кеші)	желтоқсан	Тәрбиеші, саз жетекшісі
11	Мұнайшы құралдары Мұнай айыру құралдарын жасау (қол еңбегі)	желтоқсан	Тәрбиеші, ата -аналар
12	Мұражайдан алған әсер. ( қала макетін құрастыру)	қаңтар	Тәрбиеші , сурет пән мұғалімі, ата-аналар
13	Мешіттен алған әсер ( әңгімелеу)	қаңтар	Тәрбиеші
14	Жерлестеріміз шығармашылығы: (дөңгелек үстел) Ф.Оңғарсынова өлеңдері.	ақпан	Тәрбиеші
15	Атыраудағы Наурыз тойы (ата-аналармен бірлескен жергілікті салт-дәстүрді насихаттау)	наурыз	Тәрбиеші, ата-аналар
16	Таза қала!	сәуір	Тәрбиеші, ата-



	Көше және балабақша ауласынан басталатын сенбілік ұйымдастыру.		аналар
17	Көркейтуге қосылған үлес ( ата-аналардың мамандықтары туралы пікірталас)	мамыр	Тәрбиеші, ата-аналар
18	Атыраудың өткені мен болашағы (қорытынды)	мамыр	Тәрбиеші, ата-аналар

### Бағдарламаны іске асыру барысында балалармен ұйымдастырылатын жобалар үлгісі



#### «Өлкетану» жобасы

**Жобаны жүзеге асыру мерзімі:** қысқа мерзімді

**Жобаның мақсаты:** Балаларға туған өлкесі Атырау қаласының өткені мен бүгінін танып, туған жерінің тарихын біле отырып табиғи ерекшеліктері мен байлығы, туған өлкесінің атақты адамдары, қаланың көрікті жерлерімен таныстыру.

- Туған жерінің адамдарын құрметтепе, болашағына кемелдене қарайтын мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу.

**Жобамен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері:**

1. Қаланың көрікті жерлеріне саяхат, мақсатты серуендер.
2. Облыстық өлкетану мұражайымен байланыс орнату.
3. Қала күніне арналған ертеңгіліктер
4. «Көңілді тапқырлар отауы», «Не, қайда, қашан?» интеллектуалды ойындары.
5. Мұнайшы, балықшы, еңбек ардагерлерімен кездесу кештері
6. Қаланың әдемі нысандарының макетін жасау сайысын ұйымдастыру.
7. Туған өңірдің көрікті жерлері, атақты адамдары туралы ақпараттар
8. «Туған өлке табиғаты», «Атыраудың жануарлар әлемі», «Атырау өсімдіктер әлемі», «Туған жердің байлықтары», «Атырау қаласының көшелері» туралы фото альбомдар, суреттер альбомын жасақтау сайыстары.
9. Қол өнер бұйымдарын жинақтау. Гимназия ғимаратында шағын мұражай ашу.

**Күтілетін нәтиже:**

Атырау өңірін терең таныған бала бойына Отансүйгіштік қасиеттің іргетасын қалау.



### **Жоба тақырыбы: «Балық-Атыраудың байлығы» жобасы**

**Жобаның мерзімі:** қысқа мерзімі-3 ай

**Жобаның мақсаты:** балаларға туған өлкесі Атыраудың атын шығарған балығы туралы, олардың адамдар, табиғат үшін маңызын түсіну және балықшылар еңбегін құрмет тұтуға тәрбиелеу.

**Жобамен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері:**

- Жайық өзеніне серуен
- Жайықта тіршілік ететін балық түрлерімен танысу
- Балық туралы әңгіме, ертегілер оқу
- Балық туралы мақал-мәтелдер жинақтау
- Балық, балықшылар туралы тақпақтар жаттау
- Балықтың құрылысы мен көбеюі туралы сұхбат жүргізу
- Балықтың пайдасы туралы сұхбат
- «Жайықтағы балық» тақырыбында сурет салу
- «Балықтар» тақырыбында шығармашылық іс-әрекет (альбомдар жасау)
- Балықшы мамандығымен таныстыру
- Балықтан әзірленетін тағамдар (әңгімелесу, альбомдар жасау)
- Балықшы құралдарын жинақтау.
- Балықшылармен кездесу ұйымдастыру.
- «Балық- Атыраудың байлығы» тақырыбындағы жобаның тұсаукесері

#### **«Сазан» балығы**

Айқайлама, ұрыспа

Тіпті ақырын тыныста.

Сазан нағыз сақ балық

Жоламайды дыбысқа.

Сазан балығы сазан тұқымдасына жататын ірі балық. Сазанның қабыршағы ірі, аузының екі езулерінде мұртшалары бар, жұтқыншақ тістері жақсы дамыған. Сазанның басы, екі көзі, қанаттары, құйрығы бар. Сазан сары түсті, кейде жасыл-сұр, қоңыр түсті болады. Сазан уылдырығын шөп үстіне шашады. Өте тез өседі. Сазанның ұзындығы 40-45 сантиметрден жоғары. Салмағы 2,5 килограммнан жоғары. Сазан қорек талғамайтын балық. Қорек ең алдымен балықтың аузына түсіп, жұтқыншаққа қарай жылжиды. Одан әрі қарын мен өңешке созылады. Қорек қарында қортылады. Сазан балдырларымен, жәндіктермен қоректенеді. Сазанның тыныс алу мүшесі желбезек. Сазанның қабыршақтары айна сияқты, екі бүйірін жауып тұрады. Сазан суда ғана тірлік етеді, жүзіп жүреді.

Сазанның еті дәмді. Сазан балығын асып та жейді, қуырып та жейді. Дәруменге бай, өте пайдалы балық. Балық майы адамның денсаулығына пайдалы. Қазақстанда сазанның екі түр тармағы бар: Еуропа сазаны және Арал сазаны. Біріншісі – Жайық, Жем, Еділ өзендерінде. Ал екіншісі – Арал теңізі, Сырдария, Сарысу, Шу өзендерінде тараған.

### **Проект «Рыбы реки Урал»**

**Цель проекта:** обобщить и расширить знания о рыбах нашего края.

#### **Задачи проекта:**

1. Способствовать развитию познавательного интереса к обитателям реки Урал.
2. Формировать понимание детей о внешнем виде рыб, способах их передвижения.
3. Развивать умение самостоятельно делать выводы на основе наблюдения.

#### **Этапы проекта:**

##### **Подготовительный этап (январь):**

- анализ и диагностика знаний детей о рыбах, обитающих в реке Урал;
- подбор материалов и литературы по теме проекта;
- подбор загадок, пословиц, стихов о рыбах;
- подобрать фотографии и рисунки на тему проекта.

##### **Основной этап (февраль):**

- расширить знания о реке родного края;
- познакомиться с классификацией и строением рыб;
- изучить виды рыб, обитающих в реке нашего края;
- узнать о редких видах рыб, занесенных в Красную книгу;
- познакомиться с особенностями рыбной промышленности родного края.
- беседы о строении рыб, о размножении, о пользе;
- составление ребусов, кроссвордов;
- разработка дидактических и настольных игр;
- экскурсия на берег Урала, рыбзавод, краеведческий музей;
- рисование, аппликация, лепка по теме проекта
- чтение рассказов о рыбах.

##### **Заключительный этап (март):**

- провести викторину среди детей;
- провести экскурсию в музей, в рыбзавод, к реке Урал
- создать презентацию среди детей;
- организация выставки материалов (альбомы, детские рисунки);
- провести КВН на лучшую защиту проекта по теме: «Строение рыб», «Размножение рыб»

##### **Оформление результата:**

- альбом «Рыбы-богатство родного края»;
- альбом пословиц и поговорок о рыбах родного края;
- изготовление дидактических и настольных игр по теме проекта

##### **Ожидаемый результат:**

- сформировать у воспитанников представление о разнообразии обитателей реки Урал;

-закрепить и уточнить знания детей о внешнем виде рыб, способах ее передвижения и о размножения;

-собрать материал о рыбах родного края для музея «Өлкетану».

### **«Отанын қорғаған жерлестерімізге тағзым! » жобасы**

**Мақсаты:** Отанын қорғаған Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Балаларға соғыс кезіндегі жерлестеріміздің ерлігі мен еңбектері туралы түсінік беру.

#### **Міндеттері:**

1. Ұлы Отан соғысы кезінде майданға және тылда майдан үшін жасаған ерлік істері туралы терең таныстыру.
2. Өз халқына деген патриоттық рухын биік, намыстық сезімдерін жоғары дәрежеде тәрбиелеу.
3. Балаларды және ата-аналарды тақырыбы аясында жобамен жұмыс жасау
4. Соғыстың қайталанбауы, жарқын болашақ туралы ой қалыптастыру.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Туған жер тарихы туралы қол жетімді білім меңгерту.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ересектермен әлеуметтік өзара қарым-қатынасын орнату, ардагерлерге құрмет көрінісі, егде адамдарға көмек көрсетуге көңіл бөлу

**Жобаның түрі:** инновациялық – шығармашылық

**Іске асыру мерзімі:** қысқа мерзімді (4 ай, ақпан-мамыр).

#### **Жобаның іске асырылуы:**

- 1 кезең – дайындық кезеңі (ақпан).
- 2 кезең – енгізілу кезеңі (наурыз-сәуір)
- 3 кезең – қорытынды (мамыр).

#### **Жобаның кезеңдері:**

##### **1 кезең**

1. «Ұлы Отан соғысы» тақырыбында балалармен сұхбат
2. Кеңес Одағының батырлары жерлестеріміздің материалдарын жинақтау
3. Жобаның проблемалары шеңберінде зерттеу.
4. Балалар әдебиеті, Ұлы Отан соғысы туралы шығармалар, батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдер
5. Ата-аналар арасында сауалнама жүргізу.
6. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік қасиеттерінің диагностикасы.
7. Жоба бойынша слайдтар дайындау

##### **2 кезең**

1. Жобаның тақырыптық жоспары.
2. ҰОҚ конспектілерін құру, даярлау
3. Соғыс ардагерлері туралы альбомдар даярлау
4. Соғыс туралы әңгімелер мен өлеңдер оқу, мақал-мәтелдер жаттау
5. Кеңес Одағы батырлары құрметіне қойылған ескерткіштерге саяхаттар.
6. Тарихи өлкетану мұражайына саяхат
7. Әскери-патриоттық тақырып бойынша рөлдік –мағыналы ойындар ұйымдастыру.
8. Ата-аналар ұсынған құжаттардан шағын мұражай жасақтау.

9. Әскери тақырыпта өлеңдер мен әндер оқыту.
10. Кеңес Одағы Мұса Баймұханов, К. Смағұлов, Н. Канцев, «Халық қаһарманы» Х. Доспанова батырларына арналған еске алу кеші.
11. «Соғыс жылдары туралы» бейне-фильм көру

### **3 кезең**

1. Сурет байқауы- «9 мамыр -Жеңіс күні»
2. Жеңіс туралы өлеңдерден көркем сөз байқауы
3. «Ұлы Жеңіс күні» спорттық сайыс
4. «Әр отбасында батыр бар!» тақырыбында ата-аналар арасында жоба ұйымдастыру және жобаны қорғау
5. Әскери әндер фестивалі.
6. «Отанын қорғаған жерлестерімізге тағзым! » жобасының презентациясы
7. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұжымның тәжірибесін тарату.

**Жоба тақырыбы:** «Ұлы Отан Соғысының Ардагерлері» жобасы  
**Жобаны жүзеге асыру мерзімі:** қысқа мерзімді

**Жобаның мақсаты:** Ұлы Отан Соғысы кезінде отанын қорғауға майдан даласында ерлік көрсеткен Атыраулық Қайырғали Смағұлов, Боран Нысанбаев, Хиуаз Доспановалар өмірі мен ерлік жолдарымен таныстыру. Басқа да жерлес соғысқа қатысқан ардегерлерді танып , оларды құрметтеуге тәрбиелеу

**Жобамен жұмыс жасау түрлері:**

- «Жерлес батырлар» туралы альбомдар , Атырау қаласының естелік открыткаларын жинау.
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері өмірімен таныстыру.
- «Атырау қаласындағы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштері»
- Жеңіс саябағына саяхат.
- 9 мамыр - Мәңгілік алауға гүл шоғын қою.

**Жоба тақырыбы:** «Көктерек ағашы» және «Қарағаш ағашы»  
**Жобаны жүзеге асыру мерзімі:** қысқа мерзімді (2 ай, маусым-тамыз)

**Өзектілігі:**

- Атырау өңірінің табиғатына терең бейімделген көктерек және қарағаш ағаштарын терең зерттеп тану арқылы балаларға экологиялық білім беру;
- баланы табиғатты түсініп, сезінуге, ерекшеліктерін көріп, бақылауға үйрету.
- баланың мәдениеті мен біліктілігін көтеру
- табиғатты қорғау мен көркейтуге атсалысатын табиғатқа деген сүйіспеншілігі жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеу.

**Мақсаты:**

- Көктерек және қарағаш ағаштарын емдік қасиетін , адамдардың тұрмыстық жағдайындағы пайдасын түсіндіру.
- балалардың танымдық- байқағыштық қасиетін дамыту.

**Міндеті:**

- табиғат аясындағы өзін -өзі ұстау ережелерін үйретуді жалғастыру.

- Ағаштардың табиғи сипатымен таныстыру. Олардың өсу ортасы (көлемі және биіктігі) және көбею жолдарымен (жапырақтары пішіндері , гүлдеуі ), жалпы ерекшеліктерімен таныстыру.

-зерттеп, ұстап көру , сезу арқылы байқап , сипаттау қабілетін дамыту.

**Жобамен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері:**

-саябаққа серуен

-ағаштар туралы фото альбомдарын жасау, гербарилер жасау

-көркем әдеби шығармалар мен тақпақтар жаттау

-табиғат туралы мақал-мәтелдер.

**Күтілетін нәтиже:**

-Баламен қатар ата-ананың танымдық күзіреттілігін дамыта отырып, балабақша ауласын көгалдандыруға баулу.

- Көктерек және қарағаш ағаштарының ерекшелігі мен пайдасын түсіну

-балабақша аумағындағы Қарағаш пен Көктерек ағаштарын бақылау

- ағаш жөнінде ақпарат жинау;

- табиғатты бақылау жұмыстарын жүргізу (паркке серуен, ойын алаңындағы серуен);

-әдебиеттер, ертегі, өлең , мақал-мәтелдер, бейне баяндар көрсету;

-ағаштар туралы тақпақтар жаттау;

-ағаштар туралы санамақтар жаттау;

- ағаштар туралы мақал-мәтелдер жаттау;

- баланың танымдылық ортасын қалыптастыру;

-ағаштың құрылысы мен көбеюі туралы слайд көрсету;

-ағаштың табиғаттағы, адам өміріндегі пайдасы;

-суретін салу, мүсіндеу, жапсыру

жобаны қорғау.

**Жобаның тақырыбы:** Мұнай және мұнайшы.

**Жобаның мерзімі:** қысқа мерзімі

**Мақсаты:** Атырау өңірінің қойнауында кездесетін қазба байлықтармен балаларды таныстырып, олардың аттарын біліп, соның ішінде мұнай жайлы және мұнайды өндіру маңыздылығы мен халыққа пайдасын түсіндіру.

**Балалармен жұмыс:**

-Мұнайды зерттеу.

-Мұнайды өндіру жолдарымен танысу

-Мұнайдан алынған өнімдер туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Ата-анамен жұмыс:**

-Мұнайшымен кездесу

-Мұнай өнімдерінен фото альбомдар жасау.

-колөнер бұйымдарынан сайыс.

**Жобамен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері:**

-Қаладағы мұнайшы атындағы көшеге саяхат

-Көше картасын жасау

-Мұнай жайлы фото альбомдар жасау

-Мұнайшылар құралдарын жинақтау

-Мұнай, мұнайшылар туралы тақпақ жаттау

-Мазмұнды –рөлдік ойын : «Мұнайшы»

- Мұнайшымен кездесу
- Мұнай өңдеу зауытына саяхат
- Мұнайдың пайдасы

**Күтілетін нәтиже:**

Мұнай жайлы балалардың терең білім алып, баланың зерттеушілік – танымдық қасиеттерін дамытып, мұнайшы мамандығын құрметтеу, мұнай саласының мамандықтарына қызығушылығын арттыру.

**Жобаның тұсаукесері: Мұнай және мұнайшы**

**Мақсаты:** Балалардың туған өлкесі туралы ойларын жинақтап, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, туған жердің қазба байлықтары, соның ішінде мұнай жайлы алған білімдерін нақтылау. Мұнай саласында жұмыс жасап жүрген адамдар еңбегін бағалап, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

**Блиц-турнир:**

**Мұнай деген не?**

Мұнай жанатын, май сияқты сұйық зат. Түсі оның кейде қоңыр, кейде қара. Өзіне тән иісі бар. Жердің астында орналасқан. мұнай судан жеңіл.

**-Алғаш мұнайды немен тасыған?**

Алғашқы рет мұнайды түйемен тасыған. Қазір үлкен вагондармен тасиды.

**-Мұнайдан қандай шикі заттар алынады?**

Мұнайдан бензин, пластмасс, жуу құралдары, бояулар алынады. (слайд)

**-Мұнай саласында жұмыс жасайтын адамдарды кімдер дейміз?**

- Мұнай саласында жұмыс жасайтын адамдарды мұнайшылар деп атаймыз.

**-Мұнайшылар қандай құралдар пайдаланады?**

(слайд)

**-Сендердің отбасыларыңда мұнайшылар бар ма?**

Бала жауаптары

**«Туған жердің атақты адамдары» жобасы**

**Жобаның мерзімі:** қысқа мерзімі

**Мақсаты:** Атырау өңірінің атақты адамдары туралы түсінік беру, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. Атырау қаласының көшелерінің атауларына тоқталу.

**Балалармен жұмыс:**

-Көшелерді зерттеу.

-Атақты адамдармен танысу, шығармаларымен танысу

-Олардың еліміз үшін сіңірген еңбектері туралы түсініктерін қалыптастыру.

- Ж.Нәжмеденов, Ф.Оңғарсынова туралы шығармашылық кештер

**Ата-анамен жұмыс:**

-Атақты адамдармен кездесу

-Атақты адамдар туралы фото альбомдар жасау.

-«Атыраудың атақты адамдары» тақырыбында жоба қорғау сайысына қатынасу

**«Төрт түлікке бай өлкем!»  
тақырыбындағы жобалар**



**Жоба тақырыбы:** «Атыраудың төзімді жануары» жобасы.

**Жобаның мерзімі:** қысқа мерзімі

**Мақсаты:** Атырау өңірінің табиғатына төзімді мекендейтін түйе малының алатын орнын зерттеу. Түйемен танысып, оларды қамқорлауға тәрбиелеу. Түйенің адамға тигізер пайдасын білу. Жануарларды қорғау, күтіп-баптау сезімдерін жетілдіруді жалғастыру.

**Міндеті:** Түйеге қатысты ұлтымыздың ұғымдары ұғымдары туралы танымдық білімдерін дамыту, өз халқының салт- дәстүрлерін қадірлей білуге, асыл мұраларын, өнерлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Өзектілігі:** Қазақ халқында ата- бабамызбен бірге жасасып келе жатқан түйе жануарының қыр- сыры туралы ұғынып, түйенің сүті, жүнін және суық пен ыссылыққа шыдамдылығын зерттеу.

**Әдіс-тәсілдер:** зерттеу, әңгімелеу, сөздік , сұрақ–жауап, көрсету , интерактивті тақта қолдану. Түйе туралы мақал-мәтел, альбомдар жасақтау

**Түрі:** ата-анамен жұмыс, жеке және топтық жұмыстар.

**Жобаны жүзеге асыруға арналған қажетті көрнекіліктер:**

-интерактивті тақта, видео түсірілім, сурет жинақтары, жүннен жасалған бұйымдар, қолөнер бұйымдары, түйе сүтінің өнімдері

**1. Түйе қандай жануар?**

Адамдар өзі көтере алмаған

Ыстыққа төзімді

Ауыр жүктер артады

Суыққа шыдамды

Таныстырам сіздерге

Екі жылда бұл түйе

Түйе менен ботаны

Боталайды көбейіп

Ботасы оның сүйкімді

Бір қарасаң алып дәу

Әжем екеуіміз секілді

Төрт аяқты жануар

Жылқы , қой ,ешкіге қарағанда

Әже екеуіміз жыл бойы

Түйеде ерекше өркеш бар

Зерттедік «түйе» жайлы жобаны

Бұл түйе ....

Мойыны бар аққуға ұқсас

Атыраудың ыстығы мен шөлінің

Маң-маң жаймен басады

Қайыспайтын қара нары

### **Түйенің адамға пайдасы**

Ертеде түйелі көш келе жатса «сахараның салтанаты» деп атаған . Төрт түлік малдың бойында болатын қасиеттің бәрі түйе малынан табылады. Түйеге арналған аңыздар мен күйлер көп. Түйені адамдар алғашында жүк тасымалдау мақсатында көш көлігі ретінде үйреткен . Атыраудың көне Сарайшық қаласынан түйеге жүк артқан көштің «Ұлы Жібек жолы» біздің өлкемізден сән- салтанат құрып өткені тарихта қалған . Сонымен қатар түйені алғаш мұнай мен балық өндіре бастағанда ауыр жүктерді осы түйенің көмегімен тасымалдаған. Сонымен қатар түйенің еті мен сүті тағам ретінде адамға шипалы. Түйе сүтінің майлылығы сиыр сүтінен әлдеқайда жоғары. Оның құрамында адам ағзасына қажетті дәрумендер мол. Түйе сүтінен шұбат дайындалады (қымыран деп те аталады). Шұбат өкпе, асқазан, ішек ауруларына бірден-бір шипа, қанды толықтырады. Шұбаттың жағымсыз ауаға (радиацияға) қарсы әсері болатыны да анықталған. Түйенің мойынындағы жүнін шуда деп атайды. Шудасы да қымбат

бағаланады. Оны буын, құяң, бүйрек ауруларына ем ретінде пайдаланады. Шудадан бағалы тоқыма бұйымдар жасалады. Түйенің жүнінен жылы жейде, шұлық, қолғап тоқып, киіз басып, алаша тоқып, көрпе –жастық жасайды.

Түйе түлігі күй таңдамайды, басқа мал жемейтін қатты, тікенді өсімдіктермен қоректен береді. Түйе күндіз жайылып, түнде жатып, күйіс қайырады. Бірнеше тәулік су ішпеуге шыдайды. Бұл кезде өркеш майларынан бөлінген суды пайдаланады.

### **Түйе туралы мақал-мәтелдер**

- \*Түйесі бардың- киесі бар
- \* Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы.
- \* Аттың атағы, түйенің табаны үлкен.
- \* Бір түйенің екі өркеші, бірі кетсе – күші жоқ
- \* Түйе қашып, жүктен кете алмас.
- \* Түйе көп болса, жүк сыймайды.
- \* Түйе өлген жерде жүк қалады.
- \* Қоныс ақысын түйе қайтарады.
- \* Көпірден өткенде түйенің үлкені таяқ жейді.
- \* Ат биеден, аруана түйеден туады.
- \* Төрт аяқтыда бота, екі аяқтыда құрдас тату.

### **Түйе туралы тақпақтар**

Ойсыл қара –келенің  
Күркіреген бурасы  
Үлпілдеген желегі  
Жалпылдаған шудасы

Тіздеп қойсаң маң басқан  
Тұзға қарай емінер  
Екі өркешін қоң басып,  
Түзде жүріп семіреп

Мойыны иір қобыздай  
Қос баладай өркеші  
Көзі жанған жұлдыздай  
Паң даланың еркесі

Түйелер де бағалы-  
Төрт түліктің төресі  
Киесі мен өресі

Кәуіс, кәуіс ,боташым  
Тұз берейін келе ғой  
Шөлді дала жотасын ,  
Тұз бедерін көре ғой

### **Бота**

Жібек жүні үлбірек,  
Самал желмен желбіреп,  
Салады ойнақ жас бота,  
Қош жанары мөлдіреп.

Қайқаң қағып өр төсі,  
Бүлкілдейді өркеші,  
Бұла күші тасыған ,  
Ауылдың ол еркесі.

Маң-маң басып үнемі,

Кең адырда жүреді.  
Өріске өрсе боталар,  
Қырдың кірер реңі.

Аяғын жай басады  
Белден белге асады  
Көгал жерге жайылмай  
Сортаң жаққа қашады

Борпаң құмды аралап,  
Шөп біткенді саралап,

Мойын созып іздейді,  
Ақтікен мен қарабақ.

Жырық ерні таңқиып,  
Шола қарап маңайды,  
Күйсеп тұрар аңқиып.

Шарлап жүріп бөктерді,  
Жесе де ащы шөптерді,  
Су іздемес ай бойы,  
Шөлге берік көнтерлі.

Иір-иір денесі,  
Мойны -мерген жебесі,  
Көрінеді жүзгендей,  
Маң даланың төресі

Қос құлағы қалқиып,

### **Жобаның тақырыбы: «Мал патшасы- жылқы»**

**Жобаның мерзімі:** қысқа мерзімді

**Жобаның мақсаты:**

Балалардың сөздік қорын молайту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сұраққа түсініп жауап беруге дағдыландыру. Балаларға жылқы малының қадірі мен қасиетімен таныстырып, оның адам баласына тигізетін пайдасын айту. Ауылшаруашылық мамандығына деген қызығушылықтарын арттыру.

**Жобаның міндеті:**

1. Зерттеу біліктерін (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, жорамал жасау, қорытындылау) дамыту;
2. Әр баланың өз даму деңгейіне шығуын қамтамасыз ету;
3. Балалардың өз бетімен әрекет жасауын қадағалау;
4. Зерттеушілік тәсілдерді қолдану (тәжірибелер, бақылау т.б).

**Жобаның ресурсы:**

- Ақпараттық жүйе бойынша жобаның тақырыбы (ғаламтордан) әдістемелік құрал
- Балаларға арналаған көркем әдебиет
- Экспременталдық құрал-жабдық

**Күтілетін нәтиже:**

Мектеп жасына дейінгі балалар жобаның аяқталуынан кейін; Балалардың төрт түлік малға деген қызығушылығы арттырып, үлкендердің көмегімен, өз беттерінше сұрақтарды ізденіп, оған жауап береді.

**Жобаны зерттеу жоспары:**

1. Жылқы-мал патшасы.
2. Көкпар- ұлттық ат спорт ойыны
3. Жылқы малына байланысты мақал-мәтелдер
4. Жылқы еті мен майының пайдасы
5. Қазы-қарта мен жал-жаяның жасалуы.
6. Қымыз
7. Қорытынды

#### **1. Жылқы- мал патшасы**

Жылқы төрт түліктің бірі. Жылқы иесі – Қамбар ата. Қазақ халқы жылқыны құрметтеп, қасиеттеп жоғары бағалаған. Жылқы баласы өте сүйкімді, әрі жүйрік болып келеді. Жылқы сымбатты жануар. Сирақтары ұзын, көздері ботадай әдемі. Жылқының дене бітімі көздің жауын алады. Бұрынғы кезде батырларда ат болған. Қобыланды батырдың Тайбұрылы,

Алпамыс батырдың Шұбар деген аты болған. Бұл аттар жай аттар емес, жүйрік, сұлу әрі батырдың ең жақын досы болған. Жылқы қасиетті жануар.

Халқымыздың жылқы малына деген сүйіспеншілігі еш төмендеген емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, дамып, жетіліп, кемелденіп келеді. Ерте заманнан бері төрт түліктің «төресі» аталған қасиетті түліктің бірі қазақ халқы үшін жылқы малының орны ерекше.

Жылқы мінсе көлік, жесе ет, ішсе сусын. Жылқы еті де, сүті де, қаны да, терісі де дәрі. Жылқылар жалпы 25-30 жыл өмір сүреді. Қазақ халқы жылқы жасының өсуіне қарай арнайы атаулар берген. **Құлын** (жылқының жас төлі), **Жабағы** (6 айдан асқан құлын), **Тай** (1 жаста), **Байтал** (1-2 жастағы), **Құнажын** (3 жаста), **Дөңежін** (4 жаста), **Қасабалы бие** (7-8 жаста), **Қартамыс бие** (11-14 жаста), **Жасаған бие** (20 жастан асқан). Бұл атаулар ұрғашы жылқыға қатысты айтылған.

Ал, реңіне қарай: қылаң, қызыл, қар боз, көк, ала, торы, құла, сұр, күрең, бурыл, шабдар деп түсін ажыратқан.

### **Көкпар ұлттық ат спорты ойыны.**

Көкпар ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойынның атауы «көк бөрте» (лақ) сөзінен шыққан. Дәстүрлі қазақ қоғамында Көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серкенің терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 20-30 кг –дай келеді. Көкпар-Орталық Азия халықтарының арасында кең таралған ойын. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар Көкпар-аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім Көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі.

Көкпаршылардың мақсаты –орталық шеңберде жатқан Көкпарды өз командасының «отауына» жеткізу. Көкпар «отауға» жеткізілгеннен кейін, ойын алаң ортасынан қайта басталады. Белгіленген уақыт ішінде қай команда Көкпарды өз «отауына» көп жеткізсе, сол жеңіске жетеді.

### **III. Жылқы малына байланысты мақал-мәтелдер.**

Қазақ халқының жылқы малына байланысты айтылған мақал-мәтелдері өте көп:

Ат қосақсыз жүрмейді.

Ат сүрінбей, жер танымас.

Арық атқа қамшы ауыр.

Жақсы аттың тісін ашпа.

Жақсы ат алдынан сүрінбей, артынан сүрінеді.

Жақсы ат-жанға серік.

Ат мінбеген атқа мінсе, шаба-шаба өлтірер.

Тон кимген тон кесе, сілке-сілке тоздырар.

Қара арғымақтан жал кетсе, қарға адым жер мұң болар.

Қара көзден нұр кетсе, жарық күнін түн болар

Елің жаман болса, бір жақсыны сағала,

Атың жаман болса, ақ текенің мүйізімен тағала.

Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше.

Ат аяғынан семіреді, адам құлағынан семіреді.  
Ат жақсысын мақта, адам жақсысын жақта.  
Ер сасқанда белгілі, ат шапқанда белгілі.  
Алыс жол атты сынайды, ауыр жол ерді сынайды.  
Жалғыз атты жарыстан қалмас.  
Ер басына күн туса етігімен су ішер,  
Ат басына күн туса ауыздығымен су ішер.  
Алып анадан туады, ат биеден туады.  
Ат өнері білінбес бәйгіге түсіп жарыспай.

#### **IV. Жылқы еті мен майының пайдасы.**

Қазақ халқы үшін ең қасиетті саналатын мал- жылқы екендігі белгілі. Еті мен сүті-шипа, өзі көлік, ер-батырларымызға серік жануардың жоғалтпау елімізде мықтап қолға алынған. Барлық түліктен де жылқы өсіру жеңіл. Жылқыға бағып-қағудан артық шығын шықпайды. Еті де, сүті де арзанға шығады. Еті қазақ халқы үшін аса қадірлі тағам. Жылқы еті қорытуға жеңіл, сіңімі тез. Жасы толған семіз жылқы 10-12 қойдың етін береді. Қазіргі кезде жылқы етінен жасалған қазы-қарта, жал-жаяны білмейтін адам сирек. Қай жерде болмасын бұл тағамдар үлкен сұранысқа ие.

#### **V. Қазы-қарта мен жал-жаяның жасалуы.**

Қазы-жылқыны сойғанда ең алдымен ішегін аршып, аударды да салқын суға жуып тазалайды, содай кейін оның ішіне майлы еттерді тығады. Еттің дәмін келтіру үшін тұздайды, бұрыш сеуіп, сарымсақ қосады. Етті тығып болған соң екі ұшын жіппен байлап, салқын жерге қояды.

Жал-жылқыны сойғанда терісі сыпырылғаннан кейін жалдың өзін ұзын мойын омыртқадан сылып (желкені қоспай) алады. Жалдың шоқтыққа тақалған ұшы жуан болып, мойынға тұтасқан жағы жіңішкере береді. Тұзды сеуіп сүрлейді. Сүрленген жал ұзақ уақыт бұзылмайды, дәмі де өгермей сақталады.

Жая- жылқының терісін сыпырып жаяның етін тұтасымен бөлек сылып алады. Содан кейін оны төрт елідей қалыңдықта жұмырлап тігеді. Жалпы салмағы 5 кг мөлшерінде болады. Жаяны тұздап, тұзы сіңген соң бір тәуліктей ыстайды, жаяны сыйлы қонақтарға етке қосып тартады. Жаяға тартымына қарай тұз, бұрыш, сарымсақ қосады.

#### **VI. Қымыз.**

Жылқының бар қасиеті сүтінде. Бие сүтінен қымыз аштады. Қымыз қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастархан дәмінің бірі.

Қазақтардың ертедегі көшпелі өмірінде ауруға ем болып, сауға қуат берген осы қымыз. Бие сүтінде қант көбірек болады. Оны жаңа сауған сүттің дәмін татып білуге болады.

Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де адамның бойына жақсы сіңеді. Бие сүтінде «с» дәрумені мол болады. Сондықтан оның емдік қасиеттері, әсіресе туберкулез ауруынан емдеу үшін айрықша жоғары.

Қымыз жүйке ауруларына да ем, өйткені оның құрамында В дәрумені мен бірге В2, В12 дәрумендері бар. Қымыз организмге жан-жақты әсер етеді. Ол

асқорыту органдарының, жүрек-қан тамырларының, жүйке жүйесінің, басқа да органдардың қызметін жақсартады.

Қымыздың құрамында сүт қышқылы бар, соған орай тағамның құрамындағы белоктардың, майлардың, әр түрлі қанттарды жақсы қорытылуына ықпал етеді.

Халық арман еткен сол қымыз қазір де елдің қалаулы тағамы болып, көптің сүсініп ішетін сусыны болып келеді.

## **VII. Қорытынды.**

Қазақтар жүйрік аттарды тұлпар, сәйгүлік, арғымақ деген. Қандай тұлпар аттар болғаны қазақтың көптеген аңыз, эпос жырларында керемет суреттеледі. Жылқы малын ата бабалырымыз өсіруге ерекше ден қойған. Оның үстіне жылқы малы көшіп-қонуға ыңғайлы, мініске төзімді, өз аяғынан жайылады, күтімді көп қажет етпейді. Еті дәмді, сүті шипалы. Қазақ төрт түліктің ішінде бірінші жылқыны байлыққа санаған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында бейнеленген қанатты тұлпар-дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар-қазақ поэзиясындағы кең тарағн бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраның, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі.

## **«Сиыр» жобасы**

**Жоба түрі:** тұтастық, ақпараттық, қысқа мерзімді.

**Өткізу уақыты:** желтоқсан

**Ұйымдастыру тәртібі:** топтық

**Мақсаты:** балалардың зерттеу, танымдық және шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдайлар жасау.

**Міндеттері:** балалардың төрт түлік мал, соның ішінде сиыр туралы білімдерін кеңейту және терендету; сөздік қорын анықтау, жинақтау және жандандыру; сөз мәнерлілігін және байланысты сөздерін дамыту; ой-өрісін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; танымдық белсенділігі, шығармашылық, ізденімпаздық іскерлігін дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын, олардың адам үшін маңыздылығын, бала және ата-аналар арасында ынтымақтастық қарым-қатынасты қалыптастыру, баланың денсаулығына сиырдан алынатын өнімдер туралы бекіту

**Жобалық қызметінің өнімі:** балалардың өз еркін және берілген тақырып бойынша сиыр туралы суреттері, «Бұл қай жануар?», «Төлдерін тап» дидактикалық ойындарды жаңарту. Сиыр туралы мәтінді мәнерлеп оқу, мақал-мәтелдер байқауы; ата-аналар мен балалардың жасаған «Сүт өнімдері» көрмесі; «Мүйіз бен теріден жасалатын бұйымдар» балалар суреттерінің көрмесі; сиырға байланысты айтылған халық нақылдары мен тиым сөздер

## **Сиырдан не аламыз?**

Бір сиыр бір үйді асырайды. Себебі оның сүтінен қаншама өнім алынады.. Сүттің өзінен қаймақ, қаймақтан май аламыз. Майдың сәуір майы қыста салқынға ем. Сүттен ұйытып айран жасайды. Айран қыста қарын аштырмайды. Ал жазда шөлдетпейді. Майы ажыраған сүттен сонымен қатар, құрт жасайды. Құртты бұрын шекердің орнына пайдаланған.

Көк сүттен сүзіп сүзбе жасайды. Сүзбе құрамындағы ақуыз және оның қорытылу деңгейі бойынша барлық сүт өнімдерінен асып түседі. Сүзбенің құрамындағы ақуыз адамға қажет бауыр мен бүйректің жұмысын жақсартады, сүзбе сүйек тінінің дамуына, тістің дұрыс қалыптасуына өте қажет кальцийдің көзі болып келеді. Осыған байланысты сүзбенің балаларға пайдасы шексіз. Есте сақтау қабілетін жақсартады. Сүзбе жақсы үйлесімді және жеңіл сіңірілетін өнім болғандықтан егде жастағы адамдарға да пайдалы.

## **Сиыр қандай жануар?**

Мінезі жайлы болып көрінетін, бізге сүт пен ет беретін жануар. Екі мүйізі, екі құлағы, екі көзі, төрт аяқты 1 құйрығы бар. Сиырдың атасы –Зеңгі баба. Ол сиырды үнемі қорғап жүреді. Сиыр көктемде далаға жайылып, қыста қорада күтіледі. Сиырдан сүт пен ет алу үшін біз оларды күтіп –баптауымыз қажет. Сиыр шөп және жем жейді. Біз сияқты су ішеді. Сиырды күтіп-баптау өте қиын. Оларды жылы қорада ұстау қажет. Төбесінен су өтпейтін, астына жылы шөптің қалдығын төсейміз. Оның тезегін алып, далаға шығарып тұрамыз. Сиырдың тезегі де пайдалы. Оны адамдар кептіріп газ жоқ жерлерде отынға жағады. Сонымен қатар егістік жерлерге тыңайтқыш ретінде қолданады. Егер сиыр ауырып қалса мал дәрігеріне көрсетеміз. Ал ауырып қалғанын қайдан білеміз? Қарыны үлкен болғандықтан шөп жегенде бірден қорыта алмай, сиыр үнемі сағыз шайнағандай күйіс қайырып тұрады. Егер күйіс қайырмаса онда бір жері ауырып тұр деген сөз

## **Жобаның тақырыбы: Киелі өңір-Исатай**

**Зерттеу жұмысының әдістемесі:** ақпараттық-ізденушілік

### **Жобалар әдісінің кезеңдері**

«Атырау өңірінің аудандары» тақырыбындағы ата-аналар жобасына қатынасу. Жалпы барлық ауданды зерттеу мәселесін ұсынып, ата-ананың жобалық жұмысқа қызығушылықтарын қалыптастыру.

**Жобалық жұмыстың зерттеу мақсаты:** Атырау өңірінің аудандарын зерттей отырып, Исатай ауданының ерекшеліктерін және аудан жайлы таныстыру. Топтағы ұжымдық іс - әрекет келісіледі.

### **Ақпаратты жинау кезеңі**

Аудан туралы әдебиеттерге шолу жасау;

Атақты адамдары туралы ізденістер жүргізу;

Аудан тұрғындары арасында сауалнамалар жүргізу;

Ата-аналар аудан туралы әдебиетпен және басқа ақпарат құралдармен жұмыс жүргізуге; алынған нәтижені тәрбиешінің көмегімен сараптау,

### **Рефлексивтік бағалау кезеңі**

Ата-аналардың балалармен жобаларын ұсынуы (презентация),



атқарылған жұмыс бойынша есеп береді, жоба қорғау сайысына қатысу

### **Қорытынды**

Ата-аналардың балаларымен өз беттерімен ізденушілік жұмыс жасау қабілеті жоғарылап, олардың танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеттері артады, ұжымдық қарым - қатынастар арқасында қоғам дағдылары жетілдіріледі

**Жобаның тақырыбы:** «Жүннен жасалатын бұйымдар»

**Өзекті мәселе:** «Ескінің көзі-тарихтың көзі»

Ата-бабамыздың тұрмыстық бұйымының сырларын танып білейік!

**Мақсаты:** Қазақ халқының ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасын жаңғырту, өсіп келе жатқан ұрпаққа таныстыру. Балаларға жүннің шығу тегі және өңделу технологиясының қыр-сырын таныту арқылы қолөнер бұйымдарын салыстыра отырып зерттеу. Жүннен бұйымдар жасайтын шеберлердің еңбегі туралы түсінік қалыптастыру. Халықтың дәстүрлі қолөнер мәдениетінің қазыналарын жинап, бұйымдарын суретке түсірі және жасалу жолдарымен таныстыру.

**Міндеті:** Танымдық білімдерін дамыту, өз халқының салт-дәстүрін қадірлей білуге, асыл мұраларын, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы тіл мәдениетін жетілдіру. Көркемдік талғамын арттырып, әдемілікке, әсемдікке баулу. Эстетикалық қабілеттерін арттыру.

**Әдіс-тәсілдер:** Зерттеу, әңгімелеу, сөздік, сұрақ-жауап, көрсету, интерактивті тақта қолдану.

**Түрі:** Ата-анамен жұмыс, музыка және бейнелеу өнері жетекші мамандармен жұмыс, жеке және топтық жұмыстар.

**Жобаны жүзеге асыруға арналған қажетті көрнекіліктер:** Интерактивті тақта, видео түсірілім көріністері, слайд суреттер жинағы, жүннен жасалған бұйымдар, суреттер, жиналмалы папка, боялған жүндер, қолөнер бұйымдары, үнтаспа.

### **Балалардың жұмыс-әрекеті**

#### **Ұжымдық жұмыс**

Әр түрлі бейнелерді боялған жүннің үстіне бастыру арқыл көрсету.

#### **Мақал-мәтелдер**

Өнерлінің қолын ұста,  
Өнегелінің жолын ұста.

Өнерліден үйрен,  
Өнерсізден жирен.

Әке көрген оқ жанар,  
Шеше көрген тон пішер.

Кол өнері кілемде,  
Сөз өнері өлеңде.

Шебердің қолы ортақ,  
Шешеннің тілі ортақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР БҒМ 2020 жылғы 05 мамырдағы №182 бұйрығы);
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы);
- Атырау Энциклопедия - З.Қабдолов Алматы - Атамұра 2000 ж.
2. Жайық өңірі - Дастан баспасы Алматы 2000 ж.
3. Тарихта қалған есімдер - Ағатай баспасы Атырау 2010 ж.
4. Жадымда қалған жылдар - ай - Атырау 2003 ж.
5. Атырау табиғаты және оны қорғау - Ақтау баспасынан 1994 ж.
6. Туған өлке табиғаты - Алматы қаласы.
7. Теңізшевройл - Атырау баспасы 2002 ж.
8. Атырау - Дидар баспасы 1999 ж.
9. Сарайшық саздары - Атырау 2004 ж.
10. Мағлұмат - Гурьев баспасы.
11. Жаңа өмір шаһары - Гурьев баспасы.
12. Справочник - Гурьев Атырау баспасы.
13. Балық өнеркәсібінде - Бірінші баспасы Гурьев.
14. Атырау облысының тіл басқармасы - Атырау ақпарат баспасы.
15. Атырау билері мен батырлары - Алматы өлке баспасы 1992 ж.
16. Атасы мен немересі - Алматы баспасы 2008 ж.
17. Атырау 360 - Камский издательский дом 2000ж.

